## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым атауы: ЖШС «Бақытты бала» балабақшасы
Топ: «Қошақан» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5жас
Қараша айы. 18.11-08.22.2024ж. 3 апта

«Тексерілді»:________
Әдіскер: Ж.С.Давлеткалиева
Тәрбиешілер: Г.К.Рымбекова,
Ж.Ж.Ахметова

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 18.11.2024 | Сейсенбі 19.11.2024 | Сәрсенбі 20.11.2024 | Бейсенбі 21.11.2024 | Жұма 22.11.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Әсем әуенмен қарсы алу. Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, қуыршақпен қарсы алу **Медбике тексеру** | Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Саусақ театрының кейіпкерлері арқылы қарсы алу | Смайлик арқылы қарсы алу | Достық тілегімен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың үйдегі көңіл күйін сұрау Өнегелі 15 мин | Баланың бойындағы өзерістер мен ерекшеліктер жайлы әңгіме Өнегелі 15 мин | Баланың тәртібі мен денсаулығы жайлы әңгіме Өнегелі 15 мин | Баланың қалай бейімделіп,не үйреніп жатқаны туралы әңгіме Өнегелі 15 мин | Баланың тілдік дамуы жайлы әңгіме Өнегелі 15 мин |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Шаршы құрастыр» Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. **Математика негіздері Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет** | Отбасы мүшелерінің үйдегі қызметтерін үйрету. **Сөйлеуді дамыту Қарым-қатынас іс –әрекеті** | Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз. **Қоршаған ортамен таныстыру Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті Музыка** | «Менің отбасым» Мақсаты: Отбасы мүшелерін таныстыру. Сөйлеу арқылы тілін дамыту. **Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет** | «Күз бояуы» Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. **Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас іс –әрекеті** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ( (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Бақылаған заттың бейнесін бере білуді, затты әр түрлі қалыптарда мүсіндеуді,пішіннің бетін дымқыл шүберекпен | Шаршы немесе тік бұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алуды | Жапсырудың түрлі әдістері(симметриялы,сыңарлы симметриялы, сұлбалы)мен тәсілдерін(тура,қисық қию,ою, флористика элементтерін)қолда | Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнөнікескіні бойынша қиюүшін қайшыныңқолдану дағдысын дамыту. | Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киізүйдің жасауларымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тегістеу және кескішті пайдалануды үйрету. | меңгерту. | нуды,түрлі материалдардан(қағаз,мата,табиғи материалдар)жапсыру дағдыларын жетілдіру. Қайшымен желімді дұрыс қолдану мен еңбек қауіпсіздігі және жеке гигиена ережелерін сақтауды дамыту. | | таныстыру,олардың қандайматериалдан жасалғанынзерттеуді ұйымдастыру. |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **«Менің Қазақстаным»** ҚР әнұраны Орындалады. **Математика негіздері** **Тақырып:** Шар, текше, цилиндр Текше, шар, цилиндрді тануды, атауды үйрету.Логикалық байланыстар мен заңдылық-тарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, | **Сауат ашу** **Тақырып:** Ойнай отырып оқимыз Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру. Дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту. Шығармашылықпен жұмыс істеуге | **Қазақ тілі** **Тақырып:** Мемлекттік рәміздер. Мемлекеттік Ту Мемлекеттік Туды сипаттай білуге үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br><br>**Математика негіздері** **Тақырып:** | **Математика негіздері** **Тақырып:** Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең. Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау:таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; тәуліктің бөліктерін тану, атауды үйрену, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең. Уақытты циферблат | **Көркем әдебиет** **Тақырып:** Тәуелсіз Қазақстан Оразақын Асқар Өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген рухани-адамгершілік жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриоттық тәрбие арқылы туған жерге деген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету.Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторика-н дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырып:**Буынға бөлейік<br>Басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету. Сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырып:**Табиғат бұрышын | тәрбиелеу<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырып:** «Зерде» интеллектуал-ды ойыны<br>Ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтан-дыру.<br>Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, білімпаздыққа, шапшаң ойлауға тәрбиелеу.<br><br>**Музыка**<br>**Тақырып:** ***Қысқы орманда.***<br>Музыкалық шығармаға | Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең. Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау:таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; тәуліктің бөліктерін тану, атауды үйрену, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең. Уақытты циферблат арқылы анықтау.Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту. Ұқыптылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу<br>**Дене шынықтыру** | арқылы анықтау.Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.Ұқыптылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырып:**<br>Дыбыстық талдау. Дыбысты талдау жасату арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін естеріне түсіру.Сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дамыту.Тыңғылықты жұмыс істеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Қоршаған ортамен** | сүйіспеншіік сезімдерін дамыту. Туған жерін сүюге, қадірлеуге, татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырып:**<br>Алғашқы қар. Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу. Балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту. Туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.<br><br>**Шығармашылық:** ***«Жапсыру»***<br>**Тақырып:**<br>Кемпірқосақ қайшыны дұрыс қолдана білу, желімді ұқыпты пайдалану дағдысын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мекендеушілерді білесің бе? Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру. Өз нысанын суреттеу қабілеттерін; зейінін және есте сақтау қабілеттерін дамыту.Жануарлар әлеміне деген сүйіспеншілікке, оларға қамқорлық жасауға құштар етіп тәрбиелеу **Дене шынықтыру** **Тақырып:** Күшті, батыл және үлкен боламын! | өзінің қатынасын білдіру.Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру.Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. Балаларды ойын арқылы ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу | **Тақырып:** Командалық қимыл қозғалыстарды орындау біліктілігін қалыптасты. Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке, мәселені шешу, ол үшін сыни ойлау, команда мүддесін өзінен жоғары қоя білуге тәрбиелеу. **Көркем әдебиет** **Тақырып:** «Ақылды лақ» (қуыршақ театры) Әртүрлі дауыс күшін қолдана отырып, кейіпкердің бейнесін бере білуі, өз әрекетін серіктесінің әрекетімен сәйкестендіре отырып, түрлі ырғақта қозғалуды қалыптастыру, | **танысу** **Тақырып:** Табиғат бұрышын мекендеушілерді білесің бе? Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман, теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білімдерін жетілдіру. Өз нысанын суреттеу қабілеттерін; зейінін және есте сақтау қабілеттерін дамыту.Жануарлар әлеміне деген сүйіспеншілікке, оларға қамқорлық жасауға құштар етіп тәрбиелеу **Музыка** **Тақырып:*Қысқы орманда.*** Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру.Әуеннің би сипатын сезіну, би | бекіту; саусақ моторикасын дамыту; логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, жазғы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін жетілдіру; табиғатты сүюге, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу **Дене шынықтыру** **Тақырып:** Мерген болғым келеді Еденде іректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып, тепе-теңдік сақтап және әдемі жүруді бекіту. Қозғалыс кезіндетапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту. Өзінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. Ептілік, шапшаңдық секілді дене сапаларын дамыту | **Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:** Алғашқы қар. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. | кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; тапқырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. | қимылдарының элементтерін орындау.Музыка сипатына сәйкес қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру.Әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. Балаларды ойын арқылы ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу | қалыптастыру, мейірімді, тез тіл табысқыш болуға тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту | | | | |
| **Серуен** | Бақылау: «Өзге топ балаларының іс – әрекеті» Мақсаты: Балалардың назарын өзге топ балаларының іс – әрекетіне аудартып, | Бақылау: «Қоңыр күзді бақылау, салыстыру» Мақсаты: Қоңыр күзгі табиғатты бақылау, алғашқы | Балалармен жеке жұмыс: «Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев) Алтын, сары, қызыл, көк Алуан- алуан | Ауа райын бақылау. Ата аналар алып келген мысық пен күшікті тамашалау. Ерекшеліктері туралы айтып, сипаттау. Екі жануарды салыстыру. | Аулада өсетін жидектерді бақылау. Жидек ағаштарын тану. Олар туралы не білетіндерін достарына айтып беру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалардың қалай ойнайтындарын, өздерін қалай ұстайтындарын бақылау арқылы балаларды қырағылыққа, үлгі алуға баулу.<br>Еңбек: Ауладағы ағаштардың сынығын, жапырақтарды жйнау.<br>Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру:<br>Ағайынды бес құрдас<br>Бірдей болып еш тұрмас (Саусақ)<br>Есігі – біреу<br>Бөлмесі бесеу<br>(Қолғап)<br>Адамның сәні<br>Онсыз жоқ мәні<br>(Киім)<br>Таңертең тұрдым<br>Екі жолды қудым<br>(Шалбар) | күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау, қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітік тек қоңыр түсті болатынын айту. Ағаштар жапырақтарынан ажырап, жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру.<br>Еңбек: Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру.<br>Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне | жапырақ<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>Еңбек: Учаскедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинау.<br>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері.<br>Қимылды ойындар: «Жапырақ жинау»<br>Бақылау: Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылау.<br>Мақсаты: Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, олардың түстерін айтқызу. | Балабақша ауласындағы өсімдіктер мен ағаштардағы өзгерістерді бақылау, жапырақтарды жинауға көмектесу.<br><br>Аула сыпырушысыныңеңбегінбағалау дағдысын дамыту<br><br>Қимылды ойын «Мысық пен тышқан» | Жидектерге қарап олардың бейнесін таяқпен құмда сызыпсалу<br><br>«Қонжық»тақпағын жаттату<br>Қорбаң, қорбаң етеді,Тәттіні жақсы көреді.Қазірдеолбүлдірген Іздепжүрме,кімбілген?<br>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылды ойындар: «Жай жүгіріп өт», «Аюлар мен аралар» Мақсаты: Ойын ережесін бұзбай ойнауға үйрету. Балаларды икемділікке баулу. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. | байланысты көркем сөз жаттату. «Күз» Қара бұлт қабағын түйеді Бұталар боз қырау киеді, Осы ма, осы ма, күз деген Бақшаға баратын бізбенен Қимылды ойындар: «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» Мақсаты: Шапшаңдыққа баулу. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, | | | | |

| | |
|---|---|
| | мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (**мәдени-гигиеналық дағдылар**). |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (**мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Қағазды бүктеу ширату арқылы құрсау жасау. **(Танымдық іс-әрекеті)** Жасаған құрсауды әр түрлі бояулармен сәндеу **(Бейнелеу іс-әрекеті)** құрсаудың мүсінін ермексаздан жасау **(Шығармашылық іс-әрекеті)** | Тазалық ұғымын дидкатикалық ойын карточкалары арқылы табу ойнын ойнату. **(Танымдық іс-әрекеті)**<br><br>Топтағы тазалық құралдарын табу, қызметін анықтау. Еркін тазалық әрекеттерін жасату. **(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)** | Дәрумен деген не? оның түрі қандай болады? Зерттеу жұмыстары. балалардың өз ойы. Ойдан сурет салу, мүсінін жасау немесе қағаздан жасау. **(Танымдық,шығармашылық іс-әрекеті)** | **Вариатив**<br><br>«Күй күмбірі»<br><br>Күйді тыңдау арқылы күйдің қандай көңіл күйде айтылып тұрғанын ажырату. Қазақтың ұлттық фольклорымен таныстыру, күй ырғақтарын ажыратуға баулу. | Апта бойы жасалған іс әрекеттерді естеріне түсіріп, ерекше әсер алған сәттермен бөлісу. Жаңа сөздерді пысықтау **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br><br>Топтағы ережелерді орындау жайлы, өзін өзі басқару тәртібі туралы әңгімелесу. Өз ойлары. **(Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Саят,әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіруге дағдыландыру | Айзере, 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды үйрету | Алижан, заттардың пішіндерін өз еркімен анықтай алуға көмектесу | Диана, түстерді өз қалауы бойынша таңдай алуға көмектесу | Инабат,еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылдыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Балабақша ауласындағы құстарға бақылау жасату. Жем бергізу. **(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Қимылды ойын** «Шымшықтар мен мысық»<br><br>Құрастыру ойыншықтарымен бассейн құрастыруды үйрету. **(құрастыру)** | Денені таза ауада қалай шынықтыруға болады? Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб) танып, атай білуге үйрету. Балабақша | Балабақша қызметкерлері мен олардың еңбек әрекеттері<br><br>туралы білімдерін жетілдіру.<br><br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>**Қимылды ойын**<br><br>«Ханталапай»<br><br>Бормен желдің суретін салу. **(сурет салу)** | Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы білімдерін жетілдіру. Табиғаттағы өзгерістерді байқату.<br><br>**(қоршаған ортамен танысу)**<br><br>Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» | Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау дағдысын дамыту;<br><br>**(дене шынықтыру)**<br><br>Бүгінгі ауа райы туралы екеу ара әңгімелесуді ұйымдастыру. Диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға үйрету.<br><br>**(сөйлеуді дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ауласындағы заттардың пішінін анықтату. **(математика негіздері) Қимылды ойын** «Ұшты ұшты» | | | Қимылды ойын<br><br>«Орамал тастамақ» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың киім киіп үйренуі туралы әңгіме | Үстел үстінде қалай отыратыны,қалай тамақтанатыны жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме | Баланың эмоционалды көңіл-күйі жайлы әңгіме | Баланың демалыс күні немен айналысатыны жайлы әңгіме |